

«UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

Педагогикалық кеңес отырысының

№2 Хаттамасы

Өту мерзімі 12.11.2025ж

Қатысқандар:30

Қатыспағандар:1

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

| № | Баяндама тақырыбы | Баяндамашы |
|---|--|---|
| 1 | «Аралық аттестаттауға тиімді дайындық : әдістемелер, құралдар және тәсілдер» | Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова М.Т. |
| 2 | Педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін ұйымдастыру | Директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары Сисенбаева А. Ж. |
| 3 | Әртүрлі мәселелер | |

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова Майя Туралиевнаның «Аралық аттестаттауға тиімді дайындық: әдістемелер, құралдар және тәсілдер» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды.

Аралық аттестаттау колледждегі білім беру сапасын бақылаудағы негізгі кезеңдердің бірі және білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтаумен қатар, олардың теориялық білімін практикада қолдана алу қабілетін бағалауға мүмкіндік беру. Сонымен қатар аралық аттестаттауға дайындықты жүйелі жоспарлау қажеттігі, оқу жылының басынан бастап тақырыптық жоспарлау негізінде қайталау сабақтарын ұйымдастыру, бақылау және диагностикалық жұмыстарды кезең-кезеңімен өткізу, білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды дер кезінде анықтап, түзету жұмыстарының жүргізілуі маңызды екені көрсетілді. Дайындық барысында қолданылатын тиімді әдістемелерге кеңінен тоқталып, олардың қатарында

деңгейлік және құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар, проблемалық оқыту элементтері, жобалық және зерттеу жұмыстары, топтық және жұптық жұмыстардың рөлі атап өтілді. Бұл әдістер білім алушылардың логикалық ойлауын, талдау және өз пікірін дәлелдеу дағдыларын дамытуға бағытталғаны жайында болды.

Аралық аттестаттауға дайындықта қолданылатын құралдарға да ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, оқу-әдістемелік кешендер, үлестірмелі материалдар, бағалау критерийлері мен дескрипторлар, цифрлық білім беру платформалары, интерактивті тақта, онлайн тестілеу және кері байланыс құралдарының тиімділігі көрсетілді. Сондай-ақ білім алушылардың жеке қабілеттері мен оқу деңгейлерін ескере отырып, жеке оқыту тәсілдерін қолданудың маңызы атап өтілді. Үлгерімі төмен білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру, консультациялар өткізу, ал оқу үлгерімі жоғары білім алушыларға күрделендірілген тапсырмалар беру аралық аттестаттауға дайындықтың сапасын арттыратыны жайында айтылды.

Баяндама барысында ата-аналармен және кураторлармен өзара байланыс орнату, білім алушылардың оқу мотивациясын арттыру, психологиялық қолдау көрсету мәселелері де қозғалды. Білім алушылардың күйзеліс деңгейін төмендету үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізу, бағалау талаптарының ашықтығын қамтамасыз ету маңызды екені атап өтілді. Аралық аттестаттауға дайындықта ұсынылған әдістемелерді, құралдар мен тәсілдерді оқу процесіне жүйелі түрде енгізу білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға, бағалау үдерісінің әділдігі мен ашықтығын қамтамасыз етуге және жалпы білім сапасын жақсартуға ықпал ететіні айтылды.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша директордың оқу-әдістемелік ісі бойынша орынбасары Сисенбаева Асем Жанатовна өз баяндамасын жасады. Қазіргі білім беру жүйесінің дамуында педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметі маңызды орын алады. Бұл қызмет білім сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға және оқу-тәрбие процесін жаңғыртуға бағытталған жүйелі жұмыс болып табылады. Қазіргі білім беру жүйесінде педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін тиімді ұйымдастыру – білім сапасын арттырудың, педагог кәсібилігін дамытудың және оқу-тәрбие процесін жаңғыртудың маңызды шарттарының бірі. Ғылыми-әдістемелік қызмет педагогтің тек пәндік білімін жетілдірумен шектелмей, оның зерттеушілік, шығармашылық және инновациялық әлеуетін дамытуға бағытталады. Ғылыми-әдістемелік қызмет дегеніміз – педагогтердің оқу-тәрбие процесін жетілдіруге бағытталған ғылыми негізделген, жүйелі және мақсатты әрекеттерінің жиынтығы. Бұл қызмет

білім беру мазмұнын жаңарту, оқыту әдістері мен технологияларын жетілдіру, педагогикалық тәжірибені зерделеу, талдау және тарату арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, педагогтің кәсіби өсуіне, өзін-өзі дамытуына, заманауи талаптарға бейімделуіне мүмкіндік береді. Педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін ұйымдастыру ең алдымен нақты мақсаттар мен міндеттерді айқындаудан басталады. Негізгі мақсат – педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру арқылы білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту. Осы мақсатқа жету үшін әдістемелік жұмыстың мазмұны білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына, қоғам сұранысына және білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес жоспарлануы тиіс.

Ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастырудың негізгі бағыттарына мыналар жатады: педагогикалық инновацияларды енгізу, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату, педагогтердің зерттеу жұмыстарын жүргізуі, әдістемелік өнімдер әзірлеу, кәсіби қауымдастықтармен тәжірибе алмасу. Бұл бағыттар педагогтің кәсіби қызметін жан-жақты дамытуға ықпал етеді. Әдістемелік жұмыстың тиімді формаларына әдістемелік бірлестіктер отырыстары, семинарлар, шеберлік сыныптары, ашық сабақтар, тренингтер және педагогикалық кеңестер жатады. Аталған формалар педагогтердің өзара тәжірибе алмасуына, кәсіби мәселелерді бірлесіп талқылауына, жаңа идеялар мен әдістерді меңгеруіне жағдай жасайды. Педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметі ғылыми-әдістемелік жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Зерттеу жүргізу арқылы педагог өз тәжірибесіне талдау жасап, туындаған мәселелердің себептерін анықтайды, оларды шешудің тиімді жолдарын іздейді. Мұндай қызмет педагогтің сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, кәсіби жауапкершілігін арттырады.

Ғылыми-әдістемелік қызметті ұйымдастыруда әкімшілік тарапынан қолдау көрсету ерекше рөл атқарады. Басшылық педагогтерге қолайлы жағдай жасап, әдістемелік жұмысты жоспарлау, үйлестіру және бағалау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізуі қажет. Сонымен қатар, педагогтердің жетістіктерін ынталандыру, шығармашылық бастамаларын қолдау олардың кәсіби белсенділігін арттырады.

Педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін тиімді ұйымдастыру – білім беру ұйымының дамуының маңызды көрсеткіші. Жүйелі, мақсатты және ғылыми негізде ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс педагогтердің кәсіби деңгейін көтеріп қана қоймай, білім алушылардың сапалы білім алуына, заманауи талаптарға сай тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан ғылыми-әдістемелік қызмет білім беру ұйымының стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Оқылған баяндамаларды тыңдай келе, ұжым келесідей

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Оқу бөлімінің меңгерушісі мен әдістемелік кабинетке аралық аттестаттауға дайындық бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарды күшейту тапсырылсын.

Пән оқытушылары:

- білім алушыларды аралық аттестаттауға жүйелі дайындауды қамтамасыз етсін;
- оқу бағдарламаларына сәйкес бақылау-өлшеу материалдарын (тесттер, тапсырмалар, кейстер) жаңартып, сапасын арттырсын;
- білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтап, қосымша кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырсын.

Кураторлар мен топ жетекшілеріне білім алушылардың сабаққа қатысуын, оқу үлгерімін тұрақты бақылауда ұстау және ата-аналармен кері байланысты күшейту ұсынылсын.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы тестілеу, онлайн жаттығулар, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану жұмыстары кеңейтілсін.

Жауаптылар: директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушісі.

2. Педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін ұйымдастыруға арналған баяндамасы назарға алынсын.

Ғылыми-әдістемелік қызметті білім беру ұйымының стратегиялық басым бағыттарының бірі ретінде қарастырып, оны жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.

директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасарына:

- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарын әзірлеу;
- озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, талдау және тарату жұмыстарын күшейту;
- педагогикалық инновацияларды оқу-тәрбие процесіне енгізу тапсырылсын.

Пән оқытушыларына:

- авторлық әдістемелік материалдар, оқу-әдістемелік құралдар мен дидактикалық өнімдер әзірлеу;

- кәсіби қауымдастықтар, семинарлар мен конференцияларға белсенді қатысу ұсынылсын.

- ғылыми-әдістемелік жұмыстың тиімді формаларын (әдістемелік бірлестік отырыстары, семинарлар, шеберлік сыныптары, ашық сабақтар, тренингтер) оқу процесіне жүйелі түрде енгізу ұсынылсын.

Әкімшілік тарапынан педагогтердің ғылыми-әдістемелік қызметін жоспарлау, үйлестіру жұмыстары күшейтілсін.

Жауаптылар: директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары және директордың оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары.

Хатшы:

Акимжанова Лавра Мадигановна



| № | ФИО | Подпись |
|-----|---------------------------------|---------|
| 1. | Якенова Куралай Жумабековна | |
| 2. | Исмагамбетова Майя Туралиевна | |
| 3. | Сисенбаева Асем Жанатовна | |
| 4. | Тлеуова Жанар Сапарбековна | |
| 5. | Оразова Рая Кадысовна | |
| 6. | Куатова Анар Нургамзаевна | |
| 7. | Маханова Нұрсулу Күнболатқызы | |
| 8. | Утеген Гулбаршын Утегенқызы | |
| 9. | Тұрсынбай Гүлназ Берікқызы | |
| 10. | Рашидова Лейла Анваровна | |
| 11. | Аутов Бахтияр Усенович | |
| 12. | Акимжанова Лавра Мадижановна | |
| 13. | Данилова Мария Сергеевна | |
| 14. | Андосова Акмарал Рыскулбековна | |
| 15. | Абдукаримова Арайлым Русланқызы | |
| 16. | Ғалымжан Мұхаметали Жанысұлы | |
| 17. | Досыбаев Марат Толегенович | |
| 18. | Тулекова Гульшат Козыбаевна | |
| 19. | Исабекова Гулаим Корманбековна | |
| 20. | Искаков Талгат Нагашбекович | |
| 21. | Кебекбаева Светлана Хамбабаевна | |
| 22. | Калжанова Асел Дуйсебековна | |
| 23. | Малкаева Шынар Джумагалиевна | |
| 24. | Мамбетова Жансая Абдирашитовна | |
| 25. | Нарымбет Бегімхан Беріханұлы | |
| 26. | Рахимова Алина Муратқызы | |
| 27. | Сандыбай Санат Өтепбергенұлы | |
| 28. | Саулебаев Адилет Талгатович | |
| 29. | Серік Ғазиза | |
| 30. | Турсабекова Назипа Досжановна | |
| 31. | Кулумжанова Томирис Нуржановна | |